



БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстандық экспортты қолдаудың жаңа толқыны.

Экспорттық әлеуеті бар, ауыл шаруашылығы бағытында жұмыс істейтін қазақстандық кәсіпорындар бұдан былай ұзақ мерзімді және пайыздық мөлшерлемесі төмен қаражатқа қол жеткізе алады. Май өңдеу зауыттарын, ет комбинаттарын, етті бағыттағы құс фабрикаларын, құрама жем зауыттарын, шошқа кешендерін, жеміс-көкөніс қоймаларын, жылыжай кешендерін, тауарлық балық өндірісін, қарқынды бақтарды отырғызу және өзге де бағыттарды құру, кеңейту және жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды қаржыландыру – басымдыққа ие болып отыр.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында «аграрлық сектор қазақстандық экономиканың жаңа драйвері болуы тиіс» деген міндет жүктеді. Бұл бағыттағы негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде ауыл шаруашылық өнімін өндіруді әртараптандыру арқылы 2021 жылға қарай азық-түлік тауарлары экспортын 40 пайызға арттыру болып табылады.

Отандық ауыл шаруашылық өнімдерін өндірушілер арасында бәсекелестікті арттыру, сондай-ақ өнім өндіруді және экспортты ұлғайту мақсатында «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ мен «ForteBank» АҚ бірігіп жаңа бағдарлама әзірледі. «Агроэкспорт» бағдарламасы экспортқа бағдарланған өндірісті жеңілдікпен несиелендіреді. Алғашқы келісім Талдықорған қаласында бекіді. Мұнда 31 шілде күні «Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ Алматы облысы бойынша филиал директоры Төлебай Мендоразов пен «ForteBank» АҚ филиал директоры Азат Ғабдуллин меморандумға қол қойды. «Агроэкспорт» бағдарламасы бойынша қолжетімді қаржыны алуға үмітті шаруалар банктің қаладағы барлық бөлімшелеріне келе алады. Кейінірек, бағдарлама банк өкілдіктері бар барлық облыстарда жүзеге асырылмақ.

Кредитті негізгі құралдарды сатып алу, оның ішінде нысандарды жаңғырту; құрылыс-монтаждау жұмыстары, оның ішінде қайта құру; инвестициялық жобаны іске асыру барысында айналым қаражатын толтыру мақсатында алуға болады.

«Агроэкспорт» бағдарламасы арқылы отандық ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне пайыздық мөлшерлемесі мүмкіндігінше төмендетілген, яғни соңғы қарыз алушыға 8 пайызбен (СЖТМ – жылдық 8,3% бастап) кредит беріледі. Бұған қоса, несиелік мерзімі барынша ұзартылған - 10 жылға дейін, ал жеңілдікті кезең 2 жылға дейін беріледі. Бағдарламаның негізгі талаптары – қаржылық жағдайының тұрақты, бизнес-жоспар мен кепіл мүліктің болуы, сондай-ақ жобаға өз қаражатының қатысуы 15%-дан кем болмауы тиіс.

Анықтама үшін:

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ бәсекеге қабілетті ауыл кәсіпкерлігін дамытуды ынталандыратын қолжетімді несиелендіру жүйесін қалыптастыру бойынша мемлекеттік саясатты жүзеге асырып келеді.

Корпорация «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі компаниялар тобының құрамына кіріп, соның тікелей жетекшілік етуімен Қазақстанның барлық облыстарында орналасқан 13 филиал мен өкілдіктерінде өз қызметін жүзеге асыруда ауқымды жұмыстарды атқарып отыр.

«Аграрлық несиелік корпорациясы» АҚ-ның баспасөз қызметі

Нуриддин Бидосов, +7 707 693 77 23; bidossov.n@agrocredit.kz; nuriddin_bidos@inbox.ru
Эльдар Курманбаев, +7 707 555 91 03 Kurmanbayev.E@agrocredit.kz; eldaradle@gmail.com